

"ҚАЗАҚ РАДИОТЕХНИКА ЗАУЫТЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 1994 жылғы 28 сәуір N 446. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.10.02. N 1208 қаулысымен.

"Қазақ радиотехника зауыты" акционерлік қоғамының негізгі қызметін халық тұтынатын тауарларды топтамалап өндіруге бағдарлау, радиоэлектроника аппаратурасы мен тұрмыстық техниканы жаппай шығаруды ұйымдастыруға шет ел инвесторларын тартуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақ радиотехника зауыты" акционерлік қоғамы "Корғай" Ұлттық акционерлік компаниясының құрамына енгізілсін.

2. "Корға" Ұлттық акционерлік компаниясына "Қазақ радиотехника зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығы табысталсын. Бұл орайда акциялардың мемлекеттік пакетіне өкімшілік ету құқығы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитетінде қалдырылады.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника мен байланыс жөніндегі ұлттық орталығының қызметін қамтамасыз ету шаралары туралы" 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 8 қаулысының 7 және 15 тармақтарының ("Қазақ радиотехника зауыты" акционерлік қоғамы жөнінен) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі